

Кәсіптік одақтар туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-V ҚРЗ.

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң азаматтардың бірлесу бостандығына, кәсіптік одақтарды құруға, олардың қызметіне, оларды қайта ұйымдастыруға және таратуға конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аумақтық кәсіподақтар бірлестігі – аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі кәсіподақтар бірлестігі;

2) әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі;

3) бастауыш кәсіподақ ұйымы – кәсіподақтың тікелей ұйымдағы және осы ұйым қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын құрылымдық бөлімшесі;

4) жергілікті кәсіподақ – ортақ еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты, бір немесе бірнеше ұйым қызметкерлерінің ерікті бірлестігі;

5) кәсіподақ мүшесі – кәсіподақтың құрамына кіруге ерікті түрде ниет білдірген және кірген оның жарғысын мойындайтын және сақтайтын, мүшелік кәсіподақ жарналарын төлейтін жеке тұлға;

6) кәсіптік одақ (кәсіподақ) – Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін ерікті түрде құрылатын, тіркелген мүшелігі бар қоғамдық бірлестік;

7) кәсіподақ органы – кәсіподақ жарғысына сәйкес құрылған басқарушы орган;

8) мүшелік ұйым – кәсіподақтар, қатысушылар ретінде кәсіподақтың, осы Заңда айқындалған тәртіппен әлеуметтік әріптестіктің тиісті деңгейінде олардың

бірлестіктерінің құрамына кіретін, олардың жарғыларын мойындайтын және сақтайтын олардың бірлестіктері;

9) республикалық кәсіподақтар бірлестігі – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі салалық кәсіподақтардың, аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерінің бірлестігі;

10) салалық кәсіподақ ортақ еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты қызметтің (экономикалық қызмет түрлерінің немесе кіші түрлерінің) бір саласы және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің, жергілікті кәсіподақтардың бірлестігі.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның адамдардың жекелеген санаттары үшін қолданылу ерекшеліктері

1. Осы Заңның ережелері Қазақстан Республикасынан тыс жерде іссапарда жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын және жұмыс істейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеуі Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең шарттарда жүргізіледі.

3. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі сайланбалы кәсіподақ органдарында бола алмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-бап. Кәсіподақтар құру бостандығы

1. Кәсіподақтар өз мүшелерінің тең құқылығы негізінде құрылады. Бір сала, ұйым шеңберінде құрылатын кәсіподақтардың саны шектелмейді.

2. Барлық кәсіподақтарға тең құқықтық мүмкіндіктер беріледі.

3. Кәсіподақ құруға кедергі келтіруге, оның қызметіне қарсы іс-қимыл жасауға, сол сияқты оның істеріне заңсыз араласуға жол берілмейді.

5-бап. Кәсіподақтарды құру мен оның қызметі қағидаттары

1. Кәсіподақтар өндірістік-салалық қағидат бойынша құрылады.

2. Кәсіподақтар жарғыларды, құрылымды өз бетінше әзірлейді және бекітеді, қызметтің басым бағыттарын айқындайды, кәсіподақ органдарын құрады, қызметті ұйымдастырады, жиналыстар, конференциялар, съездер және Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да іс-шаралар өткізеді.

3. Кәсіподақтар өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктерінен тәуелсіз болады, олардың бақылауында болмайды және оларға есеп бермейді.

4. Кәсіподақтар осы Заңда айқындалған тәртіппен кәсіподақтар бірлестіктерін құра алады.

6-бап. Кәсіподақтардың халықаралық байланыстары

Кәсіподақтар жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында жұмыс істейтін халықаралық кәсіподақтар бірлестіктеріне кіруге, сондай-ақ ынтымақтастық туралы шарттар, келісімдер жасасуға құқылы.

Кәсіподақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және бірлесіп еңбекшілердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға, өткізуге және жобаларды іске асыруға құқылы.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Азаматтарды кәсіподақтарға мүше болу белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу

1. Кәсіподақтарға мүше болу азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілетін еңбек, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарына қандай да бір шектеу қоюға әкеп соқпайды.

2. Қызметкердің кәсіподаққа мүше болу, оған кіру немесе одан шығу себебі бойынша жұмысқа қабылдау, жұмыста жоғарылату кезінде кемсітуге, сондай-ақ жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға тыйым салынады.

3. Адамдарды кәсіподаққа кіруден қалыс қалуға, бір кәсіподақтан шығып, басқасына кіруге не өз бетінше кәсіподақты таратуға қорқытып немесе басқа да құқыққа сыйымсыз әрекеттермен мәжбүрлеп оларға ықпал жасауға тыйым салынады.

2-тарау. КӘСПОДАҚТАРДЫ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8-бап. Кәсіподақты құру

1. Кәсіподақ кемінде он адамнан тұратын, өздерінің кәсіптік және өндірістік мүдделерінің ортақтығымен байланысты, жарғы бекітілетін және кәсіподақ органдары қалыптастырылатын құрылтай съезін (конференцияны, жиналысты) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады.

2. Мүшелікке ие болу және одан айырылу шарттары мен тәртібі кәсіподақтың жарғысында айқындалады.

3. Кәсіподақтың заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі мемлекеттік тіркелген кезден бастап пайда болады.

9-бап. Кәсіподақ жарғысы

1. Кәсіподақтың жарғысында:

- 1) кәсіподақтың атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы мен мақсаттары;
- 2) жеке тұлғалардың, мүшелік ұйымдардың мүшелігі, кәсіподаққа (оның бірлестігіне) кіру, одан шығу, мүшеліктен айырылу шарттары мен тәртібі;
- 3) кәсіподақтың ұйымдық құрылымы;
- 4) кәсіподақ органдарын қалыптастыру тәртібі, оның құзыреті және өкілеттіктерінің мерзімдері;
- 5) кәсіподақ органдары есептілігінің және олардың қызметін бақылау тәртібі, мерзімдері;
- 6) кәсіподақтың және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде әлеуметтік әріптестіктің және өзі мүшелік ұйымы болып табылатын кәсіподақтардың органдары қабылдайтын шешімдерді орындау міндеттілігі;
- 7) кәсіподақ мүлкін қалыптастыру көздері, кәсіподақтың мүлікті басқару жөніндегі құқықтары;
- 8) мүшелік кәсіподақ жарналарын төлеу және оларды бөлу тәртібі;
- 9) өз мүшелеріне ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беру тәртібі;
- 10) кәсіподақ жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
- 11) кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату, кәсіподақ таратылған жағдайда мүліктің тағдыры туралы шешім қабылдау тәртібі көзделуге тиіс.

2. Жарғыда басқа кәсіподақтардағы мүшелікке қатысты шектеулер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер көзделуі мүмкін.

10-бап. Кәсіподақты мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру және тарату

1. Кәсіподақты мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіподақты мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар тіркеуші органға кәсіподақтың құрылтай съезі (конференциясы, жиналысы) өткізілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

2. Республикалық, аумақтық кәсіподақтар бірлестіктері, салалық кәсіподақтар тіркелген күнінен бастап бір жыл өткенге дейін өздерін тіркеген органға осы Заңның 11-бабының 3-тармағында, 12-бабының 3-тармағында және 13-бабының 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды сақтамау республикалық, аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерінің, салалық кәсіподақтың қызметін оларды

тіркеген органдар мәліметтері негізінде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана жергілікті атқарушы органдарының жүгінуі бойынша "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес үш айдан алты айға дейінгі мерзімге сот тәртібімен тоқтата тұруға алып келеді.

4. Алып тасталды - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. КӘСПОДАҚТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІРЛЕСТІКТЕРІНҢ МӘРТЕБЕСІ

11-бап. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі

1. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі республикалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің, мүшелік ұйымдардың өкілетті өкілі болып табылады.

2. Республикалық кәсіподақтар бірлестігін салалық кәсіподақтар және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық кәсіподақтар бірлестіктері коммерциялық емес ұйымның өзге ұйымдық-құқықтық нысанында құрады.

3. Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана санының жартысынан астамын қамтитын аумақта мүшелік ұйымдары және (немесе) өкілдіктері (филиалдары) болуға тиіс.

3-1. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысына қатысу үшін республикалық кәсіподақтар бірлестігі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етуге тиіс.

4. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі кәсіподақтар қызметінің құқықтық кепілдіктерін республикалық деңгейде қамтамасыз етуге, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік, еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау мәселелерінде мүшелік ұйымдардың әрекеттерін үйлестіруге жәрдемдеседі.

5. Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің негізгі функциялары:

- 1) өзінің мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау;
- 2) өзінің мүшелік ұйымдары қызметінің негізгі бағыттарын, стратегиясын әзірлеу және айқындау;

3) әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейлерінде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдесу;

4) республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бас келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестіктің тарапы болып әрекет ету, келісім жобасын дайындау және оны жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысу;

5) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысына қатысу;

6) шетелдік, халықаралық кәсіподақтар бірлестіктерімен және еңбекшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін өзге де ұйымдармен ынтымақтастық жасау және мүшелік ұйымдардың олармен байланыстар орнатуына жәрдем көрсету;

7) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

6. Республикалық кәсіподақтар бірлестігі өзінің мүшелік ұйымдары үшін кәсіподақтардың үлгілік жарғысын ұсынуға және бекітуге құқылы.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі

1. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі өңірлік деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің, мүшелік ұйымдардың өкілетті өкілі болып табылады.

2. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігін кәсіподақтар және (немесе) олардың бірлестіктері құрады.

3. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің кемінде екі ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың) аумағында мүшелік ұйымдары және (немесе) өкілдіктері (филиалдары) болуға тиіс.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің тиісті аумақта кемінде екі мүшелік ұйымы болуға тиіс.

3-1. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің республикалық кәсіподақтар бірлестігінің жарғысын сақтау шарттарымен мүшелік ұйым ретінде республикалық кәсіподақтар бірлестігінің құрамына кіруге құқығы бар.

3-2. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық, қалалық, аудандық комиссиялардың жұмысына қатысу үшін аумақтық кәсіподақтар бірлестігі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органын хабардар етуге тиіс.

4. Аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің негізгі функциялары:

1) өзінің мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау;

2) өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдесу;

3) өңірлік жұмыс берушілер бірлестіктерімен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өңірлік келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болып әрекет ету, келісім жобасын дайындау және оны жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысу;

4) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік комиссияның жұмысына қатысу;

5) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 483-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Салалық кәсіподақ

1. Салалық кәсіподақ салалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің, мүшелік ұйымдардың өкілетті өкілі болып табылады.

2. Салалық кәсіподақтың облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана санының жартысынан астамын қамтитын аумақта құрылымдық бөлімшелері және (немесе) мүшелік ұйымдары болуға тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыскерлері облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана санының жартысынан астамын қамтитын аумақта құрылымдық бөлімшелері, мүшелік ұйымдары болған кезде салалық кәсіподақ құруға құқылы.

2-1. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жұмысына қатысу үшін салалық кәсіподақ тиісті қызмет саласының уәкілетті мемлекеттік органын хабардар етуге тиіс.

3. Салалық кәсіподақтың республикалық кәсіподақтар бірлестігінің жарғысын сақтау шарттарымен мүшелік ұйым ретінде республикалық кәсіподақтар бірлестігінің құрамына кіруге құқығы бар.

4. Салалық кәсіподақтың негізгі функциялары:

1) өз мүшелерінің, мүшелік ұйымдарының еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау;

2) салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдесу;

3) салалық жұмыс берушілер ұйымдарының өкілетті өкілдерімен және Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен салалық келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болып әрекет ету, келісім жобасын дайындау және оны жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысу;

4) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жұмысына қатысу;

5) жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

5. Салалық кәсіподақтың филиалдары мен өкілдіктері салалық кәсіподақтың атынан және оның өкілеттіктері шегінде қызметкерлердің өңірлік деңгейде келіссөздер жүргізу жөніндегі өкілетті өкілдері болып табылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Жергілікті кәсіподақ

1. Жергілікті кәсіподақты ортақ еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделермен байланысты, бір немесе бірнеше ұйымның қызметкерлері ерікті түрде құрады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері ерікті түрде құратын жергілікті кәсіподақ экономикалық қызметтің бірнеше түрі (кіші түрлері) ұйымдарының қызметкерлерін біріктіре алады.

3. Жергілікті кәсіподақ ұйым (ұйымдар) деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

4. Жергілікті кәсіподақтың салалық кәсіподақтың және (немесе) аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің жарғысын сақтау шарттарымен мүшелік ұйым ретінде олардың құрамына кіруге құқығы бар.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Бастауыш кәсіподақ ұйымы

1. Бастауыш кәсіподақ ұйымы ұйымда құрылады, кемінде үш адамнан тұрады және заңды тұлға құрмай, жергілікті немесе салалық кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі және ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылады.

2. Бастауыш кәсіподақ ұйымын құру, оның қызметін тоқтату тәртібі, құқықтары мен міндеттері жергілікті немесе салалық кәсіподақ жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы ережеде айқындалады.

4-тарау. КӘСПОДАҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, КЕПІЛДІКТЕРІ

16-бап. Кәсіподақтардың құқықтары

1. Кәсіподақтардың:

1) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өз өкілеттігі шегінде, жұмыс берушілермен, жекеше кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен (қауымдастықтармен, одақтармен), өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға;

2) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қою беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, еңбек төрелігінде немесе төрелікте, мемлекеттік органдарда олардың мүдделерінде әрекет етуге, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге;

3) мемлекеттік органдарға кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы өтініш жасауға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

4) мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын актілеріне сотқа шағымдануға;

5) еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуға;

6) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға;

7) осы Заңға сәйкес өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

8) келіссөздер жүргізуге, келісімдер және ұжымдық шарттар жасасуға;

9) ақша қорларын қалыптастыруға;

10) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыруға;

11) азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде халықты жұмыспен қамту мәселері жөніндегі құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

12) келісімдерге және ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтай отырып, қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды зерделеу және қолдану үшін кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына өз өкілдерін жіберуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;

14) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

15) баспа қызметімен айналысуға, өз жұмысын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ұйымдарда да жария етуге;

16) кәсіподаққа меншік құқығында тиесілі мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге;

17) жарғылық мақсаттарға сәйкес өз мүшелерінің мүддесіне орай өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға;

18) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, келісімдер мен ұжымдық шарттарда кәсіподақтардың өзге де құқықтары белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 483-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 489-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Кәсіподақтардың міндеттері

Кәсіподақтар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жарғының ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін сақтауға;

2) ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауға;

3) өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

4) кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

5) кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері, сондай-ақ ұжымдық шарт ережелері бойынша сауаттылығын арттыру, келіссөздер жүргізе алу және еңбек дауларында пәтуаға қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

6) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

7) жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен кәсіподақ мүшелеріне ақшаның түсуі және жұмсалыуы туралы ақпарат беруге;

8) кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің жазбаша өтініштері негізінде олардың мүдделерін кәсіподақ мүшелеріне арналғандай шарттарда білдіруге;

9) сайланған немесе қайта сайланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге сайланбалы кәсіподақ органдарының негізгі жұмысынан босатылмаған мүшелері туралы ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау

1. Кәсіподақтар жұмыс берушіден тәуелсіз болып табылады және кәсіподақ органдары арқылы жұмыс берушімен қарым-қатынастарда өз мүшелерінің атынан өкілдік етеді, олардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін:

1) құқықтық және консультациялық көмек көрсету, оның ішінде кәсіподақ мүшесі жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан кезде көмек көрсету;

2) сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын бұзудың негізділігі туралы уәжді пікір білдіру, өз мүшелерінің еңбек жағдайларын ұжымдық шартқа сәйкес келісу;

3) өз мүшелерінің құқықтарын және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа арызбен жүгіну;

4) өз мүшелері атынан, сондай-ақ кәсіподаққа жазбаша өтінішпен уәкілеттік берген, кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлер атынан жұмыс берушімен ұжымдық шарт, келісім жасасу;

5) жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясының, ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде татуластыру комиссиясының және еңбек төрелігінің құрамына қатысу арқылы қорғайды.

2. Өз мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында кәсіподақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық басқа да тәсілдерді пайдалана алады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Кәсіподақтардың республикалық, салалық, өңірлік деңгейлерде және ұйым деңгейінде әлеуметтік әріптестікке қатысуы және қабылданған шешімдердің орындалу мониторингі

1. Кәсіподақтар әлеуметтік әріптестікке:

1) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық, өңірлік үшжақты комиссияларда жұмыс істеу;

2) келісімдер мен ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлеу және оларды жасасу;

3) жұмыс берушілермен, олардың бірлестіктерімен (қауымдастықтармен, одақтармен), мемлекеттік органдармен еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері бойынша консультациялар (келіссөздер), қызметкерлердің еңбек саласындағы құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жетілдіру арқылы қатысады.

2. Кәсіподақтар қабылдайтын шешімдер, ұжымдық шарттардың ережелері әлеуметтік әріптестік органдары қабылдайтын шешімдерге және бас, салалық және өңірлік келісімдердің ережелеріне сәйкес келуге тиіс.

3. Кәсіподақтар қабылдаған шешімдердің орындалуына мониторингті жоғары деңгейдегі кәсіподақтар:

1) жергілікті кәсіподақтар қабылдаған шешімдердің орындалуына – өздері мүшелік ұйымы болып табылатын салалық кәсіподақтар;

2) аумақтық кәсіподақтар бірлестіктері, салалық кәсіподақтар қабылдаған шешімдердің орындалуына – өздері мүшелік ұйымы болып табылатын республикалық кәсіподақтар бірлестіктері жүзеге асырады.

20-бап. Кәсіподақ мүшелері құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру

1. Кәсіподақтар өз мүшелерінің, сондай-ақ шарттық негізде өздерінің мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Жүргізілетін қоғамдық бақылауға жұмыс берушінің тарапынан қарсы іс-қимылдың жасалуына және кедергі келтірілуіне жол берілмейді.

2. Кәсіподақтар өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауға тұрақты негізде қатысады.

3. Кәсіподақтың уәкілетті өкілі өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына кіреді.

4. Кәсіподақтар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамына тепе-теңдік негізде кіреді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Кәсіподақтардың талаптар қоюы, ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу

Ескерту. 21-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 25.05.2020 № 334-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кәсіподақтар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде айқындалған тәртіпті сақтай отырып және жағдайларда талаптар қоюға құқылы.

2. Егер татуластыру рәсімдері арқылы ұжымдық еңбек дауын шешуге қол жеткізілмесе, сондай-ақ жұмыс беруші татуластыру рәсімдерінен жалтарған не дауды шешу барысында қол жеткізілген келісімді ол орындамаған жағдайларда, кәсіподақтар ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады.

Бұл ретте, қызметкерлерді сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға шақыруға тыйым салынады.

3. Кәсіподақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастырады және өткізеді.

4. Кәсіподақтар бірлескен наразылық акцияларын өткізу үшін өздерінің күш-жігерін біріктіріп, басқа кәсіподақтармен және қызметкерлер топтарымен ынтымақтастық белгісі ретінде осындай акциялар өткізе алады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 25.05.2020 № 334-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласында қызметті жүзеге асыру

Кәсіподақтардың бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыру және олардың қызметі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

23-бап. Кәсіподақтардың ақша қорлары

Кәсіподақтар өзінің және тартылған қаражат есебінен кәсіподақтардың жарғылық міндеттері мен мақсаттарын іске асыруға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруға арналған әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ақша қорларын қалыптастыра алады.

24-бап. Мемлекеттің әлеуметтік саясатын қалыптастыруға кәсіподақтардың қатысуы

Кәсіподақтар жұмыссыздыққа қарсы күрес және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыстан босатылатын қызметкерлерді қорғау жөніндегі бағдарламаларды, ең төмен күнкөріс деңгейін белгілеу және оны сақтау, кірістерді индексстеу, жалақының, зейнетақылардың, стипендиялардың және жәрдемақылардың ең төмен деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, өз мүшелерін әлеуметтік қорғау жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлейді, оларды тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар ретінде енгізеді.

25-бап. Кәсіподақтар қызметінің кепілдіктері

1. Мақсаты кәсіподақтарды қандай да бір органдарға және ұйымдарға тікелей немесе жанама бағындыру немесе олардың құқықтарын шектеу болып табылатын, сондай-ақ кәсіподақтардың осы Заңда және жарғыда көзделген қызметіне кедергі келтіретін кез келген әрекеттерге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер (бірлестіктер, қауымдастықтар, одақтар) кәсіподақ органына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға міндетті.

3. Келісімдерде немесе ұжымдық шартта көзделген жағдайларда, жұмыс беруші кәсіподаққа мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын ұйымдастыруға ақша аударады.

4. Сайланбалы қызметке сайлану нәтижесінде жұмыстан босатылған адамдардың сайланбалы қызметіндегі жұмыс кезеңіне еңбек шартының мерзімі шеңберінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Кәсіподақ органдарына сайланған және негізгі жұмысынан босатылмаған адамдарға кепілдіктер

1. Негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері өздері мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жазаға тартылмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысы (төрағасы) жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірі ескеріле отырып, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде жол беріледі. Заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысымен (төрағасымен) еңбек шарты жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылмайды.

3. Тәртіптік жаза қолдану және осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған адамдармен еңбек шартын бұзу туралы жұмыс берушінің актісін шығарған кезде кәсіподақ органының уәжді пікірін ескеру ұжымдық шартта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

4. Ұжымдық шарттарда кәсіподақ органдарының сайланбалы және басқа мүшелері үшін басқа кепілдіктер де көзделуі мүмкін.

5. Кәсіподақ органдарының мүшелері өз мүшелерінің мүдделеріне орай қоғамдық міндеттерді орындау үшін кәсіподақ оқуы, кәсіподақтар шақыратын съездерге (конференцияларға), сондай-ақ олардың пленумдарының, төралқаларының жұмысына делегаттар ретінде қатысуы уақытында негізгі *жұмыстан босатылады. Босату шарттары және ақы төлеу тәртібі ұжымдық шарттарда және келісімдерде көзделеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. КӘСПОДАҚ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ МҮШЕЛІК КӘСПОДАҚ ЖАРНАЛАРЫ

27-бап. Кәсіподақ органдарының өкілеттіктері

1. Кәсіподақ мүшелері кәсіподақ жарғысында айқындалған тәртіппен кәсіподақ органдарын сайлауға немесе оларға сайлануға құқығы бар.
2. Кәсіподақ органдарының өкілеттіктері кәсіподақ жарғысында айқындалады.
3. Ұжымдық шарттарға және келісімдерге сәйкес кәсіподақ органдары мен жұмыс берушілер ұйымдардағы еңбек, әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелерді шешеді.

28-бап. Кәсіподақ органдарының қызметі үшін материалдық жағдайлар

1. Кәсіподақ органының материалдық жағдайлары жарғының, ұжымдық шарттың немесе келісімнің негізінде айқындалады.
2. Кәсіподақ мүшелерінің өздері кәсіподаққа берген мүлікке және мүшелік жарналарға құқықтары жоқ.

29-бап. Мүшелік кәсіподақ жарналары

1. Кәсіподақ ұйымның қызметіне нұқсан келтірмей, жұмыс және оқу орны бойынша мүшелік кәсіподақ жарналарын жинауға құқылы.
2. Тараптардың келісуі бойынша және кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған кезде жұмыс беруші айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей, қызметкерлердің жалақысынан мүшелік кәсіподақ жарналарын кәсіподақтың шотына аударады.
3. Мүшелік кәсіподақ жарналары кәсіподақтың меншігі болып табылады.

6-тарау. КӘСПОДАҚТАРДЫҢ МЕНШІГІ, ОЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

30-бап. Кәсіподақтардың меншігі

1. Кәсіподақтардың меншігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған, сатып алынған немесе оған берілген мүлік құрайды.
2. Мыналар:
 - 1) мүшелік кәсіподақ жарналары;
 - 2) ерікті жарналар және қайырмалдықтар;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңдарында тыйым салынбаған өзге де түсімдер кәсіподақ меншігін қалыптастыру көздері болып табылады.
3. Кәсіподақтар өздеріне меншік құқығымен тиесілі мүлікті кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне орай иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді.

4. Кәсіподақтар мемлекеттің, жұмыс берушілердің, басқа да заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, өз кезегінде олар кәсіподақтардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Кәсіподақтардың қаржылық қызметі олардың жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.

31-бап. Кәсіподақтардың өндірістік және шаруашылық қызметі

Жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіподақтардың өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

32-бап. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

33-бап. Өтпелі ережелер

Ескерту. 33-бап алып тасталды - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Кәсіптік одақтар туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 200-құжат; 1995 ж., № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2013 ж., № 15, 76-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев